# Целиноград аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 463/69-6 " Целиноград ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Целиноград аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 39/8-7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 шілдеде № 23715 болып тіркелді

Целиноград аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Целиноград аудандық мәслихатының "Целиноград ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 463/69-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8249 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері бойынша";

көрсетілген шешімнің 1, 2, 3 қосымшалары жаңа редакцияда осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Целиноград аудандық мәслихатының хатшысы* | *Б.Ибраев* |

Целиноград аудандық мәслихатының
2021 жылғы 29 маусымдағы
№ 39/8-7 шешіміне
1-қосымша
2020 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 463/69-6 Целиноград аудандық
мәслихатының шешіміне
1-қосымша

**Целиноград ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар**

Целиноград ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар:

1. Алаң, Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, 12.
2. Аудандық стадионға қарсы орналасқан алаң, Ақмол ауылы, 2- шағын ауданы, жер телімі 1187.
3. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, " Қақ айырылған жұлдыз" стелласынан "АЛЖИР" мұражай – мемориалдық кешеніне дейін.
4. Алаң, Арайлы ауылы, Айбын көшесі, 17.
5. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Арайлы ауылы, Бірлік көшесі, Екатеринбург – Нұр-Сұлтан тасжолынан Айбын көшесінің басына дейін;
6. Алаң, Жаңаесіл ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 55.
7. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Жаңаесіл ауылы, Атамекен көшесінен Тәуелсіздік көшесіне дейін.
8. Алаң, Жалғызқұдық ауылы, Бейбітшілік көшесі, 62.
9. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Жалғызқұдық ауылы, Бейбітшілік көшесі, "Красноярское" акционерлік қоғамының объектісінен "Салтанат" дүкеніне дейін.
10. Алаң, Қабанбай батыр ауылы, Бірлік көшесі, 1 А.
11. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қабанбай батыр ауылы, Бірлік көшесі, Орталық аллеядан "Белгісіз солдат" ескерткішіне дейін.
12. Алаң, Қараөткел ауылы, Мұқағали Мақатаев көшесі, 24.
13. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қараөткел ауылы, Мұқағали Мақатаев көшесі, Мұқағали Мақатаев көшесі, 24 көшесінен Мұстафа Шоқай, 1, көшесіне дейін.
14. Алаң, Қосшы ауылы, Асыл түлік көшесі, 28 а.
15. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қосшы ауылы, Республика көшесі, "КенМарт" дүкенінен, Асыл түлік көшесі, 28 а мекен-жайында орналасқан алаңға дейін.
16. "Аяулым" сауда орталығына қарама-қарсы орналасқан алаң, Қоянды ауылы, Джүнісов Мұхамедрахым көшесі, 44/1.
17. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қоянды ауылы, Джүнісов Мұхамедрахым көшесі, бірінші бағдаршамнан "Аяулым" сауда орталығына дейін.
18. Алаң, Қызыл суат ауылы, 086-есептік кварталы, құрылыс-387.
19. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қызыл суат ауылы, Мира көшесі, "Халық маркет" дүкенінен соңғы "Қызылсуат" аялдамасына дейін.

20. Алаң, Мәншүк ауылы, Атамекен көшесі, 9 А.

21. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Мәншүк ауылы, Атамекен көшесінен Тәуелсіздік көшесіне дейін.

22. Алаң, Нұресіл ауылы, Қажымұқан Мұңайтпасова көшесі, 2 А.

23. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Нұресіл ауылы, Қажымұқан Мұңайтпасова көшесі, 2 А мекен-жайында орналасқан алаңынан Орталық аялдамаға дейін.

24. Сауда үйіне қарама-қарсы орналасқан алаң, Оразақ ауылы, Тоқтар Әубәкіров көшесі, 7.

25. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Оразақ ауылы, Тоқтар Әубәкіров көшесі, Абай Құнанбаев көшесінің аялдамасынан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ескерткішіне дейін.

26. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ескерткішіне қарама-қарсы орналасқан алаң, Приречное ауылы, Тәуелсіздікке 25 жыл көшесі.

27. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Приречное ауылы, Тәуелсіздікке 25 жыл көшесі, бас аялдамадан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ескерткішіне дейін.

28. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ескерткішіне қарама-қарсы орналасқан алаң, Рахымжан Қошқарбаев ауылы, Әлихан Бөкейханов көшесі.

29. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Рахымжан Қошқарбаев ауылы, Әлихан Бөкейханов көшесі, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесінен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ескерткішіне дейін.

30. "Наша Родина" дүкеніне қарама-қарсы орналасқан алаң, Родина ауылы, Мира көшесі, 16.

31. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Родина ауылы, Мира көшесі, 16 , "Наша Родина" дүкеніне қарама-қарсы орналасқан алаңынан Центральная көшесіне дейін.

32. "Гүлжан" дүкеніне қарама-қарсы орналасқан алаң, Софиевка ауылы, Абиров көшесі.

33. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Софиевка ауылы, Орталық көшесі, Бөгенбай көшесінен намазханаға дейін.

34. Саябақта орналасқан алаң, Талапкер ауылы, Талапкер көшесі, жер телімі 2/1.

35. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Талапкер ауылы, Талапкер көшесі, Сарыарқа көшесінің бұрылысынан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ескерткішіне дейін.

36. "АКА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратының жанында орналасқан алаң, Тасты ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 20.

37. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Тасты ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, Алматы-Екатеринбург тасжолынан "АКА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратына дейін, Мұхтар Әуезов көшесі, 20.

38. Алаң, Шалқар ауылы, Победа көшесі, 15.

39. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Шалқар ауылы, Победа көшесінен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ескерткішіне дейін.

2021 жылғы 29 маусымдағы
№ 39/8-7 Целиноград аудандық
мәслихатының шешіміне
2-қосымша
2020 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 463/69-6 Целиноград аудандық
мәслихатының шешіміне
2-қосымша

**Целиноград ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Целиноград ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

2. Арнайы орындар санитариялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтай отырып пайдаланылады. Арнайы орындарда жоспарланған басқа да ресми, мәдени, ойын-сауық мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізу, құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру туралы ақпарат болмаған жағдайда, бейбіт жиналыстарды өткізуге жол беріледі.

3. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

4. Целиноград ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың шекті толу нормалары:

1) алаң, Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, 12, шекті толу нормасы 200 адам;

2) аудандық стадионға қарсы орналасқан алаң, Ақмол ауылы, 2- шағын ауданы, жер телімі 1187, шекті толу нормасы 90 адам;

3) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Ақмол ауылы, Гагарин көшесі, "Қақ айырылған жұлдыз" стелласынан "АЛЖИР" мұражай – мемориалдық кешеніне дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

4) алаң, Арайлы ауылы, Айбын көшесі, 17, шекті толу нормасы 70 адам;

5) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Арайлы ауылы, Бірлік көшесі, Екатеринбург – Нұр-Сұлтан тасжолынан Айбын көшесінің басына дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

6) алаң, Жаңаесіл ауылы, Тәуелсіздік көшесі 55, шекті толу нормасы 30 адам;

7) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Жаңаесіл ауылы, Атамекен көшесінен Тәуелсіздік көшесіне дейін, шекті толу нормасы 30 адам;

8) алаң, Жалғызқұдық ауылы, Бейбітшілік көшесі, 62, шекті толу нормасы 70 адам;

9) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Жалғызқұдық ауылы, Бейбітшілік көшесі, "Красноярское" акционерлік қоғамының объектісінен "Салтанат" дүкеніне дейін шекті толу нормасы 50 адам;

10) алаң, Қабанбай батыр ауылы, Бірлік көшесі, 1 А шекті толу нормасы 100 адам;

11) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қабанбай батыр ауылы, Бірлік көшесі, Орталық аллеядан "Белгісіз солдат" ескерткішіне дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

12) алаң, Қараөткел ауылы, Мұқағали Мақатаев көшесі, 24 шекті толу нормасы 100 адам;

13) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қараөткел ауылы, Мұқағали Мақатаев көшесі, Мұқағали Мақатаев көшесі, 24 көшесінен Мұстафа Шоқай, 1, көшесіне дейін, шекті толу нормасы 60 адам;

14) алаң, Қосшы ауылы, Асыл түлік көшесі, 28 а, шекті толу нормасы 100 адам;

15) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қосшы ауылы, Республика көшесі, "КенМарт" дүкенінен, Асыл түлік көшесі, 28 а мекен-жайында орналасқан алаңға дейін, шекті толу нормасы 70 адам;

16) "Аяулым" сауда орталығына қарама-қарсы орналасқан алаң, Қоянды ауылы, Джүнісов Мұхамедрахым көшесі, 44/1, шекті толу нормасы 100 адам;

17) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қоянды ауылы, Джүнісов Мұхамедрахым көшесі, бірінші бағдаршамнан "Аяулым" сауда орталығына дейін, шекті толу нормасы 70 адам;

18) алаң, Қызыл суат ауылы, 086-есептік кварталы, құрылыс-387, шекті толу нормасы 80 адам;

19) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Қызыл суат ауылы, Мир көшесі , "Халық маркет" дүкенінен соңғы "Қызылсуат" аялдамасына дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

20) алаң, Мәншүк ауылы, Атамекен көшесі, 9 А, шекті толу нормасы 70 адам;

21) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Мәншүк ауылы, Атамекен көшесінен Тәуелсіздік көшесіне дейін, шекті толу нормасы 40 адам;

22) алаң, Нұресіл ауылы, Қажымұқан Мұңайтпасова көшесі, 2 А, шекті толу нормасы 80 адам;

23) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Нұресіл ауылы, Қажымұқан Мұңайтпасова көшесі, 2 А мекен-жайы бойынша орналасқан алаңынан Орталық аялдамаға дейін, шекті толу нормасы 60 адам;

24) сауда үйіне қарама-қарсы орналасқан алаң, Оразақ ауылы, Тоқтар Әубәкіров көшесі, 7, шекті толу нормасы 30 адам;

25) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Оразақ ауылы, Тоқтар Әубәкіров көшесі, Абай Құнанбаев көшесінің аялдамасынан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ескерткішіне дейін, шекті толу нормасы 30 адам;

26) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ескерткішіне қарама-қарсы орналасқан алаң, Приречное ауылы, Тәуелсіздікке 25 жыл көшесі, шекті толу нормасы 30 адам;

27) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Приречное ауылы, Тәуелсіздікке 25 жыл көшесі, бас аялдамадан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ескерткішіне дейін, шекті толу нормасы 30 адам;

28) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ескерткішіне қарама-қарсы орналасқан алаң, Рахымжан Қошқарбаев ауылы, Әлихан Бөкейханов көшесі, шекті толу нормасы 20 адам;

29) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Рахымжан Қошқарбаев ауылы, Әлихан Бөкейханов көшесі, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесінен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ескерткішіне дейін, шекті толу нормасы 200 адам;

30) "Наша Родина" дүкеніне қарама-қарсы орналасқан алаң, Родина ауылы, Мира көшесі, 16, шекті толу нормасы 100 адам;

31) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Родина ауылы, Мира көшесі, 16 , "Наша Родина" дүкеніне қарама-қарсы орналасқан алаңынан Центральная көшесі дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

32) "Гүлжан" дүкеніне қарама-қарсы орналасқан алаң, Софиевка ауылы, Абиров көшесі, шекті толу нормасы 80 адам;

33) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Софиевка ауылы, Орталық көшесі, Бөгенбай көшесінен намазханаға дейін, шекті толу нормасы 50 адам;

34) саябақта орналасқан алаң, Талапкер ауылы, Талапкер көшесі, жер телімі 2/1, шекті толу нормасы 100 адам;

35) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Талапкер ауылы, Талапкер көшесі, Сарыарқа көшесінің бұрылысынан 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы ескерткішіне дейін, шекті толу нормасы 70 адам;

36) "АКА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратының жанында орналасқан алаң, Тасты ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 20, шекті толу нормасы 80 адам ;

37) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Тасты ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, Алматы-Екатеринбург тасжолынан "АКА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратына дейін, Мұхтар Әуезов көшесі, 20, шекті толу нормасы 50 адам;

38) алаң, Шалқар ауылы, Победа көшесі, 15, шекті толу нормасы 30 адам;

39) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жүру бағыты: Шалқар ауылы, Победа көшесінен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ескерткішіне дейін, шекті толу нормасы 30 адам.

5. Жергілікті атқарушы органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылысжайлар орнатуға жол берілмейді.

6. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

7. Әлеуметтік қашықтықты сақтау мақсатында, пикеттеуден басқа, бейбіт жиналысқа қатысатын адамдардың арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде екі метрді құрайды.

8. Бір қатысушы өткізетін пикеттеуді жүзеге асыратын адамдар арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде 100 метрді құрайды.

9. Бейбіт жиналыстар өткізілетін күні Целиноград ауданының жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

2021 жылғы 29 маусымдағы
№ 39/8-7 Целиноград аудандық
мәслихатының шешіміне
3-қосымша
2020 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 463/69-6 Целиноград аудандық
мәслихатының шешіміне
3-қосымша

**Целиноград ауданында пикеттеуді өткізуге жол берілмейтін іргелес аумақтардың шекаралары**

Целиноград ауданының аумағында іргелес аумақтардың шекарасына 400 метрден жақын жерде пикет өткізуге жол берілмейтін:

1) жаппай жерлеу орындарында;

2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;

3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;

4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК